


“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ” ММ



ГУ “КОМИТЕТ ПО КОНТРОЛЮ
В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ
МИНИСТЕРСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2016 жылғы 5 маусым

Астана қаласы

№ 435

город Астана

**«М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті» шаруашылық
жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорнында жүргізілген
мемлекеттік бақылау шарасының
қорытындысы туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 2016 жылғы 21 сәуірдегі тексеру тағайындау туралы №6 актісіне сәйкес, 2016 жылғы 26 – 28 сәуір аралығында білім саласындағы заңнама талаптарын бұзушылықтардың жойылғандығын айқындау мақсатында «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнында мемлекеттік бақылау шарасы жүргізілді.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы №107 Заңының 4 бабын басшылыққа ала отырып, мемлекеттік бақылау шарасының қорытындысы бойынша ұсынылған материалдардың негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын білім беру қызметінің білім саласындағы заңнама талаптарына, соның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартына сәйкестігін айқындау мақсатында жүргізілген мемлекеттік бақылау шарасының 2016 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы бекітілсін.

2. «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын білім беру қызметінде 5B010800 - Дене шынықтыру және спорт, 5B080700 – Орман ресурстары және орман шаруашылығы

3. Білім беру қызметінің мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандартының талаптарына толықтай сәйкестендірілуіне байланысты «М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны мекемесі 5 (бес) жыл мерзімге аттестатталсын.

0001140

FROM : DON ALMATY


PHONE NO. : 7 3272 395 439

MAY. 06 2016 05:39PM P1

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау төраға орынбасары
Л. Бөлебаеваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Нүсіпов